

№ 7 мектеп-лицей

Ғылыми жобаны жазу және рәсімдеу талаптары



Республикалық ғылыми жобалар байқауы



Ғылыми жоба деген не?

1. Жалпы білім беретін пәндер бойынша ғылыми жарыстарын (бұдан әрі - ғылыми жарыстар) жыл сайын Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі атынан (бұдан әрі - Министрлік) өткізеді.

2. Жарыстардың негізгі мақсаттары мен міндеттері:

1) оқушылардың ғылыми-зерттеу және оқу-танымдық жұмыстарын ынталандыру;

2) ой еңбегінің беделін арттыру;

3) ең талантты және дарынды жас зерттеушілерді іріктеу және оларға қолдау көрсету;

4) Қазақстан Республикасының интеллектуалдық әлеуетін қалыптастыруға ықпал ету болып табылады.

3. Ғылыми жарыстары төрт кезеңде өтеді:

1) бірінші кезең - мектептік;

2) екінші кезең - облыстық (Алматы және Астана қалаларының мектептері мен республикалық мектептер жарыстары мәртебесі жағынан облыстық жарыстармен теңестіріледі);

3) үшінші кезең - іріктеу кезеңі екі турда өтеді:

бірінші тур - бейінді пән бойынша тестілеу;

екінші тур - жобаны алдын ала сараптау;

4) төртінші (қорытынды) кезең - республикалық.



Жұмысты неден бастау керек?

- **ТАҚЫРЫП** - мәселелердің өзіне тән сипатын көрсетеді, сонымен қатар тақырыпта қысқа формада құрылған, айқын бір мағыналы, дәл, мәселелерді шешу әдістері болады.
- **ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСЫНЫҢ ЖОСПАРЫН ҚҰРУ**
- Зерттеу жұмысының жоспарын құру бұл тақырып бойынша жұмыс жасауға және зерттеудің басында қойылған тапсырмаларды шешуге жол көрсетеді.

Жобаның құрылымы

- Титул парағы, абстракт немесе аннотация;
- Жобаны зерттеу мақсаты, міндеттері, өзектілігі, жаңалығы;
- Мазмұны, кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды
- Ұсыныстар, қолданылған әдебиеттер
- Көрнекіліктер (слайдтар, схемалар, таблицалар, суреттер, плакаттар тб)



Ғылыми жетекшінің міндеттері

- Оқушыға жобаның тақырыбын таңдауға, жоспар құруға, күнделік жүргізуге көмектеседі;
- Жоба тақырыбына қатысты деректер мен мәліметтерді жинақтауда бағыт - бағдар береді;
- Ғылыми жетекшімен тығыз байланыс орнатады, зерттеу нысанына барып, оқушымен жұмыс жасайды;
- Жобаға қатысты көрнекіліктерді әзірлеп рәсімдеу талаптарына сай жобаның баяндамасын дайындайды.



ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСЫН ЖҮРГІЗУ

- **Кезеңдер:**

- **Зерттеу мәселелерін теориялық талдау.** Мәселелердің маңыздылығын, оның ерекшеліктерін, осы тақырып бойынша әртүрлі көзқарастарды сипаттау, сондай-ақ оның бүгінгі таңдағы шешілу жолдары. Осының барлығы зерттеу бөлімінің 1-ші теориялық мазмұнын құрайды.
- **Экспериментальды (практикалық бөлім) зерттеу мәселелер мәнісін түсіндіретін немесе оны шешуге мүмкіндік беретін ғылыми әдістерді пайдалануды болжайды.** Зерттеу жұмыстарының бұл кезеңі маңызды болып табылады, бұл кезеңде жоба авторы өзінің шығармашылық мүмкіндігін көрсете алады. Бұл кезеңде эксперименттер, байқау, сауалнама, тімелесу, сұрақ қою, интервью алу т.б. зерттеу әдістері пайдаланылады. Ғылыми зерттеуді жүргізу кезінде дұрыс нәтижелер алу үшін бір емес, бірнеше әдістер жиынтығы пайдаланылады.



Зерттеу күнделігін жүргізу

- Зерттеу күнделігі оқушылардың тақырыпты таңдаған күнінен басталады, әдебиеттермен жұмыс жасайды және жобаны рәсімдеу мен қажетті құжаттарды дайындау кезінде аяқталады. Зерттеу күнделігіне автордың барлық істеген жұмыстары көрсетілу керек.




ҒЫЛЫМИ ЖОБАНЫ РӘСІМДЕУ

- Ол бірқатар талаптарды сақтай отырып жүргізіледі:

- **5.1. Ғылыми жобада:**

- - бет парақ;
- - мазмұны;
- - кіріспе;
- -теориялық бөлімі;
- - зерттеу бөлімі;
- - қорытынды;
- -пайдаланған әдебиеттер тізімі;
- -қосымша (егер қажет болса) болу керек.



- Жалпы алғанда, оқушының ғылыми жобасы ұқыпты орындалу керек және әдемі рәсімделу керек.

Аннотацияның (абстрактының) жазылуы.

- Абстракт (аннотация) (кемінде 250 сөз) жобаның қысқаша мазмұнын көрсетеді және оған:
- зерттеу мақсаты, тапсырмалары;
- зерттеу объектісі, заты
- гипотезасы
- зерттеу кезеңдері , процедурасы;
- эксперимент әдісі;
- зерттеу жаңалығы және өз бетінше жұмыс істеу дәрежесі;
- жұмыс нәтижелері және қорытынды;
- нәтижелерді практика жүзінде пайдалану саласы кіреді.



Жетекшінің пікірі

Әр жұмысқа жетекшінің пікірі берілу керек, онда таңдалған тақырыптың көкейкестілігі, автордың жұмысқа қосқан өз үлесі, жұмыстың кемшіліктері және нәтижелерді одан әрі пайдаланудағы ұсынымдар көрсетіледі. Пікір ғылыми жетекшінің жеке қолымен расталады.



“Зерде” ғылыми жобалар байқауы

I. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже 1-7 сынып оқушыларының зерттеу жұмыстары мен шығармашылық жобаларының «Зерде» республикалық конкурсының (бұдан әрі – Конкурс) мақсаты мен міндеттерін, ұйымдастыру-әдістемелік қызметінің қамтамасыз етілуін, өткізу мен қаржыландыру тәртібін, қатысуын және жеңімпаздар мен жүлдегерлерінің анықтайды.

2. Конкурстың ұйымдастырушысы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығы (бұдан әрі – «Дарын» РҒПО) болып табылады.

3. Конкурстың негізгі мақсаты балалардың зерттеу қызметінің дағдыларын дамыту, кіші және орта жастағы мектеп оқушыларының интеллектуалдық-шығармашылық әлеуетін ынталандыру болып табылады.

4. Конкурстың негізгі міндеттері:

- зерттеу жұмыстарына қызығушылық танытқан қабілетті және дарынды оқушыларды анықтау және оларға қолдау көрсету;
- оқушылардың үздік жетістіктерін көрсету және насихаттау, өзара қарым-қатынастарын ұйымдастыру;
- қоғамның интеллектуалдық әлеуетін дамыту көпшіліктің назарын аудару.



IV. Конкурса ұсынылатын жұмыстардың рәсімделуіне қойылатын талаптар

19. Конкурса 1-7 сынып оқушыларының зерттеу жұмыстары келесі секциялар бойынша қабылданады:

- 1 секция - қазақ тілі мен әдебиеті;
- 2 секция - орыс тілі мен әдебиеті;
- 3 секция - математика, информатика;
- 4 секция - физика, техника;
- 5 секция - медицина, психология;
- 6 секция – тарих, өлкетану, этномәдениеттану;
- 7 секция - химия, биология;
- 8 секция - экология, валеология.

20. Әрбір бағыт бойынша зерттеу жұмыстары теориялық, эксперименттік, ойлап тапқыштық негізде болады. Жұмыс қазақ және орыс тілдерінде ұсынылады. Жұмыстың көлемі 20 беттен аспауы керек. Беттерін нөмірлеу және жиегін қалдыру міндетті.



21. Әрбір жұмыста таңдалған тақырыптың мақсаты мен пайдалылығы, автордың қосқан үлесі, құндылығы мен кемшілігі көрсетілген жетекшісінің және маманның пікірі болуы керек.

22. Жұмысты ресімдеуге қойылатын талаптары:

1) жұмыс мәтіні компьютерде WORD, 14 әріп, 1,5 жоларалық, солдан шегініс – 2см терілген болуы және мыналардан тұруы керек:

- титул парағы;

- мазмұны;

- түйіндеме (аннотация) – жұмыстың негізгі мазмұнын қазақ және орыс тілдерінде қысқаша баяндау (жұмыстың қандай тілде жазылуына байланысты);

- кіріспе – жұмыстың өзектілігін көрсетеді және тақырыпты, оның мақсаты мен міндеттерін, өткізу орнын таңдауын негіздейді;

- негізгі бөлім: материалдар мен зерттеу әдістері; эксперименттік бөлім; жұмыстың қорытындысы мен оны талқылау;

- әдебиеттерге шолу жасау зерттеу мәселесі бойынша (отандық және шетелдік) әдеби мағұлматтарға қысқаша талдау жасап тұрады;

- қорытынды (тұжырымдамалар, ұсыныстар);

- қолданылған әдебиеттер тізімі.

2) титул парағында мыналар көрсетіледі:

- жұмыс орындалған білім беру ұйымының толық атауы;

- жұмыстың тақырыбы;

- бағыты;

- орындаушы (аты-жөні, сыныбы, мектебі, (қаласы) ауданы, облысы);

- жұмыстың жетекшісі (аты-жөні, ғылыми дәрежесі, қызметі, жұмыс орны);

- жұмыс орындалған жыл.

